

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ

**«Инклюзивті білім беру баланың қоғамдағы
қиындықтарын бірлесе отырып жеңе білуге
мүмкіндік береді»**

СЕМАГО

Балалардың денсаулығын сақтау – біздің қоғамның негізгі құндылықтарының бірі

«Жетістік» пен «Денсаулық» түсініктері бір-бірімен байланысты екендігін ұғыну үшін қажетті **Бес керек:**

1. Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету үшін үлкендер балаларға қажетті көмек көрсетіп, қолдай білу;

2. Балаларды күйзеліске қарсы тұруға, қиындықтан қорықпауға, жеңілістерден мойымауға үйрету;

3. Эмоционалды ерік күштерін дамыту;

4. Өз құрбы-құрдастарымен және ересектермен араласу;

5. Денсаулығын күту, бағалау және нығайту.

М а қ с а т ы:

- денсаулық сақтау технологияларын қолдану арқылы оқушылардың жеке тұлға ретінде денсаулығын дамытуға жағдай жасау.

М і н д е т т е р і:

Балаларды диагностикалық тексеруден өткізу;
Оқушылармен алдын алу шараларының
жоспарын құру;

Оқушылармен жеке және топтық сабақтар
өткізу

Мұғалімдерге, ата-аналарға, сынып
жетекшілерге арналған кеңестер өткізу;

Денсаулық көрсеткіштерінің өзгеріс
нәтижелерінің сараптамасын жасау

Әдіс – тәсілдері:

- Эмоционалдық ахуал қалыптастыру;
- Музыкалық сүйемелдеу;
- Әлеуметтік сурет салу;
- Коммуникациялық және қимыл-қозғалыс ойындары;
- Өзі және өзінің өмірдік жағдаяттары туралы әңгімелері;
- Өзінің және өзгенің жағдайын түсінуге мүмкіндік беретін ертегілер мен т.б.

Мектеп педагог-психологының жүргізуіне ұсынылатын жұмыс түрлері:

Жекелеген кеңестер өткізу;

«Адамтану» курстары;

«Рухани әуендер» сағаты;

«Менің ішкі байлықтарым» сағаты;

«Жетістіктер психологиясы» сағаты;

Ұжымдық және топтық ойындар;

Шағын жобалар қорғау;

Арт-терапия.

- «Мен өзгелерге қандай болып көрінемін?», «Шын мәнінде мен қандаймын?» деген сияқты тақырыптарды талқылау барысында балалар өздерінің «Мендерінің» жаңа қырларын ашады. Бір-бірімен келісуге, сұрақтарға жауап беру кезінде бір-біріне ұқсамайтын өзгеше пікірлер айтуға мүмкіндік алады.

- Ұжымдық ойындар, топтық ойындар бір-бірімен қатынастың дағдыларын қалыптастырып, дамытады.

Ойын барысында өзгелердің өзіне деген пікірін біліп, басқалармен салыстыруға және өзінің жақындығын байқауға, серіктесіне деген өзгеше қарым-қатынас жасауы мен оған құрметпен қарауына, көңіл күйлерінің жақсаруына мүмкіндік туады.

- «Менің жетістіктерім мен жеңілістерім», «Өмірде мен нені құнды санаймын», «Мен бүгін және ертең» сынды шаралар балалардың болашақта өздерін таба білуіне бағытталады. Мен қазір қандаймын, не ойлағаным бар және оны іске асыру үшін не жасауға болады деген ойлар туындайды.
- Ертегі, оны бейнелеу, шығарма жазу, қойылым қоюдың психологиялық мәселелерді шешу үшін орны ерекше. Ертегі кейіпкерлерін сомдау барысында, олардың іс-әрекеті, сөйлеген сөздері мен істеген істері арқылы туындаған жағдайларын шығудың тиімді жолдарын таба алады.

Арт-терапия – пішіндерді бейнелеу

- Пішіндерді бейнелеу – баланың жасырын шығармашылық және ойлау қабілеттерін белсендіруге, ерік-жігерін, тепе-теңдікті сақтауын, сезімін күшейтеді. Негізгі сызықтарды сызу жазуының жақсаруы мен қолын дамытып, кеңістік пен уақытты сезіп, ырғақ пен қысымды теңестіріп, денсаулығын нығайтады.

- Іс-шаралар барысында «Мен және менің көңіл
- күйім» атты күнделік жүргізеді. Оған сабақ
- басында және соңында ұпай қойып отырады.
- Соның нәтижесінде балалардың көңіл күйінің
- жақсарғандығы мен қуаныш сезімінің пайда
- болғандығы анықталды.

«Денсаулық», бұл:

Эмоционалды тұрақтылық;

Құрбыларымен, ересектермен қарым-қатынас
құра білу;

Болашақтың позитивті бейнесін жасай білу;

Өзіне-өзі сену;

Қобалжудың азаюы;

Өзін-өзі бағалау алу;

Денсаулығын нығайту және сақтау.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!